

Талдықорған облысы Панфилов ауданының "Сарпылдақ" гидротермобассейнін кешенді игеру жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жыл 24 қаңтардағы N 99

Республиканың экологиялық жағынан қолайсыз аудандарда тұратын халқын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету және медициналық мақсаттар үшін су өндірісін құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен "БАКЦИД" акционерлік қоғамының бактериясыздандыру жабдығын өндіру жөніндегі салааралық Талдықорған облысы Панфилов ауданының "Сарпылдақ" гидротермобассейнінде "Қазақстан Республикасының экологиялық апат аймақтарының халықтарын асханалық, әлсіз ғана минералдандырылған сумен қамтамасыз ету және медицина мақсаттары үшін сулы және құрғақ негізде өндіру және оларды экспорттау" туралы инвестициялық жобаны жүзеге асыру жөніндегі ұсынысы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының экономика министрлігі Қаржы министрлігімен келісе отырып, 1996 жылы республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне бөлінетін несиенің есебінен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 ақпандағы N 141 P960141_ қаулысына N 3-қосымша) заводтың бірінші кезегінің құрылысына 0,3 миллион АҚШ доллары және 1997 жылға ұзарта отырып, екінші кезегінің құрылысына 8,76 миллион АҚШ доллары сомасындағы аталған жобаны басым объектілер тізбесіне енгізгені ескерілсін.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 ақпандағы N 141 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 қарашадағы N 1446 P961446_ қаулысына сәйкес "БАКЦИД" акционерлік қоғамы аталған инвестициялық жобаны іске асырудан туындайтын барлық жұмыс кешендері бойынша бас тапсырысшы ретінде белгіленсін.

4. Тапсырысшының Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымынан сапаның халықаралық сертификаттарын алуды қоса, зауыттың экспортқа бағытталған өнімін дайындауды және жобаның егжей-тегжейлі техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі 200 (екі жүз) мың АҚШ доллары сомасында, белгіленген тәртіппен қайтаратын етіп алдын ала несиелік қаржыландыру мүмкіндігін көздерсін.

5. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі зауытты іске қосқаннан кейін жер қойнауын пайдаланушылар роялти төлеудің нақты нысанын контрактіде көздей отырып, "Сарпылдақ" гидротермобассейнінде минералды суды өнеркәсіптік өндіру үшін лицензияны белгіленген тәртіп бойынша ресімдесін.

6. Талдықорған облысының әкімі жер қойнауын пайдаланушыларға скважинаның тұрған жерінде зауыттың құрылыс алаңына 1,5 гектар мөлшерде жер бөлуде, сондай-ақ санитарлық және буферлік аймақтар үшін жер бөлуде қажетті жәрдем көрсетсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК